

2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 2 қаулысы.
Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 қаңтарда
№ 9-4-198 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі бекітілсін.

2. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық, қосылған құн салығы, еңбекке ақы төлеу және қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі Лисаков қаласының бюджетінен өтеледі және жұмыс берушінің есеп айырысу шотына аударылатыны белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары **Ә. С. Сапароваға** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қала әкімі</i>	<i>В. Радченко</i>
Әкімдіктің 2012 жылғы № 2 қаулысымен бекітілген	10 қаңтардағы
Әкімдіктің 2012 жылғы № 416 қаулысына қосымша	25 қыркүйектегі

Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2012.09.25 № 416 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұйымның атауы	Жұмыстың түрлері	Жұмыстың көлемдері	Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы	Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны
"Ұста плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қызметкердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін, Лисаков қаласы, Октябрь кенті, Красногор селосының аумағындағы мемлекеттік автомобиль жолдарын ұстауға қатысу	Лисаков қаласы - 23953920 шаршы метр; Октябрь кенті - 3992320 шаршы метр; Красногор селосы - 1996160 шаршы метр	3 ай	Барлығы: 130 адам, оның ішінде: Лисаков қаласында - 106 адам, Октябрь кентінде - 6 адам, Красногор селосында - 8 адам

кестенің жалғасы:

Қаржыландыру көзі	Еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қоғамдық жұмыстарға ақы төлеу	Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары
Лисаков қаласының бюджеті	Айына ең төменгі жаалақы мөлшері	Барлығы 2012 жылға: 14312,0 мың теңге қаралды, оның ішінде қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға: Лисаков қаласында 11450,0 мың теңге, Октябрь кентінде 1908,0 мың теңге, Красногор селосында 954,0 мың теңге	1) жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс; 2) заңнамаға сәйкес еңбек жағдайлары мен қорғауды қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізу; 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қамтамасыз ету; 4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы барлық еңбек қатынастарын сақтау; 5) зейнетақымен қамсыздандыру және

		сақтандыру заңнаманы сақтау	туралы
--	--	--------------------------------	--------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК